

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіні құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 364 қаулысы

Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыруды одан әрі жетілдіру мен оның тиімділігін арттыру және ипотекалық кредит беру жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Банк) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге мөлшерінде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Банктің жарғылық капиталын қалыптастыруды
қ а м т а м а с ы з е т с і н . < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.07.28. N 754 қаулысымен

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) банктің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Банк акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар
е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-83-жолмен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"123-83. "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 217-4-жолмен толықтырылсын:

"217-4. "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ".

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі